Centralized Internet infrastructure was installed at the company's mining fields “Akbakay” and “Aktogay” fields, and therefore it was very easy for the company to create Internet channels for the nearest villages, by digitizing them at the same time in concert.

The issue of the Internet providing became vitally important for population of these places during the implementation of quarantine measures of the COVID – 19 pandemic. Internet was provided not only to some citizens, but also to infrastructure rural facilities: local akimats, medical institutions, schools and kindergartens.

These events provided an opportunity for distance learning for schoolchildren who could not attend educational facilities in the usual format during quarantine. The company provided these benefits to people at its own expense, due to the fact that the central telecom operators had no interest in laying networks. But this process would not have been possible without the implementation of such large-scale digital projects at industrial facilities.

Due to the fact that Kazakhstan is experiencing high rates of urbanization growth, there is no need to worry about level of digitalization for the capital, large regional agglomerations and cities of republican significance. However, republic still has many "backwater districts" that are not covered even by a low-speed Internet, and this is a significant infrastructural problem of this decade for Kazakhstan.

For this reason, the growth of infrastructural development, accompanied together with the development of production technologies and infrastructures in small towns and villages of country can solve a number of economic problems: to stop the "flight" of young people to the cities, to establish production to highly efficient indicators, to strengthen some underdeveloped territorial units in the technological aspect of national digitalization.

Therefore, in this example, the “Digital Kazakhstan” program works as it should, by helping for state economy to achieve the greatest efficiency, as well as to achievement of deeper and more comprehensive involvement in the digitalization process of all major economic agents.

For the reasons, that all the objects of influence for digital technologies in this management system can be conditionally divided into four levels of gradual implementation, let's see how the digitalization of Kazakhstan is carried out according to this classification:

- The first level consists from software and hardware, telecommunications;
- Second level is about development of digital services and platform economy (transactional platforms - Amazon, Uber, Alibaba, Airbnb, innovative platforms - Windows, Android, Salesforce, Kaspi.kz - for Kazakhstan, etc.);
- The third level includes some business areas of the sharing economy and gigonomics;
- At the fourth level we can see some digital integrated business areas — Industry 4.0 sectors, as well as the economics of algorithms for processing streaming data [4].

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

The implementation of digital solutions is noticeably reflected in these levels on the base of Kazakhstani remote territories, especially on the example of the “Digital Mine” project. Telecommunications and the Internet appear there at first, and then, population gets access to global and domestic innovation and trade services, thanks to these improvements. This situation can improve the conditions for participation in mutual trade for the people of these territories with other territorial units of the country.

Enterprises that directly affect to the existence of these single-industry towns and settlements, by the receiving of integrated digital management systems, significantly reduce production costs. This fact turns to lead the possibility of increasing wages for local residents, employed in their structure.

Among all other things in Kazakhstani economy, it is predicted that more than 30% of mining enterprises will invest and develop strategies for coordinated Internet connectivity via 5G, LTE, satellite and fixed networks by 2022. It will be impossible for one state to implement such a project without a participation of large business in the country, by the reason that these types of communication are completely new not only for Kazakhstan, but for numerous countries with developed economies. This fact had concrete evidence by the Australian experience, where large companies and their local enterprises should become the main “conductors” of these technologies into all social spheres and in all places for them [5].

The capabilities and resources of the production (mining) force of any company will be valuable only when they are able to reduce its costs and increase revenues, compared to the situation in which these companies would not have this potential and factors of production. Applied resources and development potentials for the 5th production factor of the modern economy - information, have a higher degree of mobility than their other types, especially in the development of the logistics and institutional environment around enterprises, so for this reason they are particularly important not only for the companies specializing in electronic business, but for many other types of industrial production and mining [6]. Of course, they are also very important for productive and extractive enterprises, which are the main drivers for the development of real economic sector, especially when many institutions of public life depend on them within the framework of Kazakhstan’s realities.

By this reason, the development of Kazakhstan’s economy within the framework of digitalization of extractive industries is really successful in industrial (extractive industries) and in auxiliary institutional indicators of social development: in both of them.

Despite these factors, Kazakhstan's approach to digitalization has a number of certain fundamental problems:

1. Great dependence on the use of foreign technologies in the technological process: in industry from Chinese companies exporting their own and servicing Western information systems and resources (the above example with Huawei). Dependence on Russian companies in the civil and management sector is expected (an example of a memorandum with the group of companies "Sber" to provide its digital product “Platform V” for the portal of the Electronic Government of the Republic of Kazakhstan as part of the maintenance of the national digital platform);

2. Projects of strategy “Digital Kazakhstan” were implemented mainly in “Samruk–Kazyna” group of companies, which is under control of the republic’s Government. But there is no universal approach to implementation of the digitalization concept on the plants of contractors and subcontractors for projects of these companies. Many companies in Kazakhstan stay in weak position in digital abilities;

3. The digitalization strategy is implemented mainly in the extractive industries of economy, what finally “tying” the economy of Kazakhstan to the raw material type of management for next future periods. It may be really dangerous due to the possible increase in demand for substitutes of fuel and parts of metals on world markets (within the implementation of the Industrial Revolution type 4.0). This approach can lead some extractive industries to collapse;

4. Despite the huge increase in funding under digitalization programs, the demand in the labor market in the field of ICT still remains unsatisfied, because right now, in the midst of stimulation of this industrial policy, we can see a steady decline in the number of specialists in this field of knowledge: If Kazakh IT market had 37 thousand specialists in 2017, then in 2019 this indicator amounted to 32.8 thousand people only. It had a decrease around 13% from the initial one.

Therefore, it is possible to solve this problem only with the systematic and one-time implementation of all directions of the “Digital Kazakhstan” strategy, especially in the development of the digital ecosystem and

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

human capital, when intellectual resources of the country play a predominant role in industrialization of this type.

Training of well qualified personnel in the aspect of universal digital knowledge for the industry combining with the knowledge of concrete specialty of educated specialists will not only develop the institutional environment of digitalization for the industry and society to a sufficient extent, but will also help to improve the security of state from possible negative aspects from the import of foreign technologies in case of implementation of the current industrialization policy.

We can only hope that the “Digital Kazakhstan” strategy will be developing systematically, without excesses and shortcomings in each of its directions, which were presented in it, because the whole economy’s destiny and the future development of the state at all directly depends on its implementation.

References

- 1 Danilevskaya O. Kazakhstan has reached 55th place in the Global Competitiveness Index// Informburo.kz – 09.10.2019./ Access mode: [<https://informburo.kz/novosti/kazahstan-zanval-55-e-mesto-v-indekse-globalnoy-konkurentosposobnosti-96743.html>] – (in Russ).
- 2 IMD World Digital Competitiveness Ranking 2020/- Analytical Overview for 2020/ Access mode: [<https://www.imd.org/centers/world-competitiveness-center/rankings/>] – (in English).
- 3 Kazakhstan has risen to 32nd place in the IMD — 2021 Digital Competitiveness Ranking//Economic Research Institute – Qazaqstan/ - 29.09.2021./ Access mode: [https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=3380] – (in Russ).
- 4 Zvereva, A. A. Impact of the economy digitalization on welfare in the developed and developing countries / A. A. Zvereva, Zh. S. Belyaeva, K. Sohag. // Economy of Region. — 2019. — Vol. 4. — Iss. 15. — P. 1050-1062. <https://doi.org/10.17059/2019-4-7> - (in Russ).
- 5 Campbell, L. H. (2021). Approaching the Promise of 5G. Journal of Telecommunications and the Digital Economy, 9(3), iii-v. <https://doi.org/10.18080/jtde.v9n3.453> - (in English).
- 6 R. Amit and C. Zott, "Value creation in e-business," Strategic management journal, vol. 22, no. 6-7, pp. 493-520, 2001, DOI: 10.1002/smj.187 – (in English).

А. Алдабаева, С. Полевой

Цифровизация секторов экономики Казахстана

Цифровизация отраслей экономики является неотъемлемой частью развития хозяйственной деятельности XXI века. И даже, несмотря на тот факт, что казахстанский экономический сектор полностью зависит от традиционных видов добывающей и производственной промышленности и не производит высокоточного оборудования и прилагаемого к нему программного обеспечения, поиск цифровых решений значительно снижает риск появления крупных производственных издержек, значительно улучшая эффективность различных хозяйственных отраслей. Поэтому развитие цифровых технологий, для крайне зависимого от международных поставок машиностроения и волатильных цен на энергоносители Казахстана, крайне важно для совершенствования показателей экономической эффективности различных национальных предприятий. Цифровизация производственных отраслей является не просто необходимым условием для их существования, но и вопросом выживаемости экономики республики в будущие периоды.

Ключевые слова: Цифровизация экономики, Цифровой Казахстан, субфакторы развития, эффективность производства, рейтинг глобальной конкурентоспособности, Индустрия 4.0, цифровая среда.

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

А. Алдабаева, С. Полевой

Қазақстан экономикасының секторларын цифрландыру

Экономика салаларын цифрландыру ХХІ ғасырдың шаруашылық қызметін дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Тіпті, қазақстандық экономикалық сектор өндіруші және өндірістік өнеркәсіптің дәстүрлі түрлеріне толығымен тәуелді және жоғары дәлдікті жабдық пен оған қоса берілетін бағдарламалық қамтамасыз етуді шығармайтынына қарамастан, цифрлық шешімдерді іздеу әртүрлі шаруашылық салаларының тиімділігін едәуір жақсартатырып, ірі өндірістік шығындардың пайда болу тәуекелін айтарлықтай төмендетеді. Сондықтан машина жасаудың халықаралық жеткізілімдеріне және Қазақстанның энергия тасығыштарына құбылмалы бағаларға аса тәуелді цифрлық технологияларды дамыту әртүрлі ұлттық кәсіпорындардың экономикалық тиімділік көрсеткіштерін жетілдіру үшін аса маңызды. Өндірістік салаларды цифрландыру олардың өмір сүруінің қажетті шарты ғана емес, сонымен қатар болашақ кезеңдерде республика экономикасының өмір сүру мәселесі болып табылады.

Түйін сөздер: Экономиканы цифрландыру, Цифрлық Қазақстан, дамудың қосалқы факторлары, өндірістің тиімділігі, жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингі, Индустрия 4.0, цифрлық орта.

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

МРНТИ 14.25.09
 ЭОЖ 373.3: 37.03

М.К. Жайлауова, Ж.А. Дарибаева

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.
 (e-mail: zhadyra.anafia@mail.ru)*

Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалды дамуының теориялық негіздері

Мақала бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалды дамуының теориялық негіздерін зерделеуге арналған. Баланың танымдық қабілеттерінің және жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуы зерттеу жұмысымыздың негізгі бағыты ретінде алынды. Авторлар интеллектіні кез келген мәселені қабылдауға, түсінуге және шешуге мүмкіндік беретін танымдық әрекет ретінде қарастырады. Интеллектінің арқасында адам жаңа тәжірибені, білімді игеріп, жаңа жағдайларға бейімделе алады. ҚР білім беру мен ғылымды дамытуға арналған бағдарламалардың басым мақсаттарының бірі – Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру деп көрсетеді. Осы орайда философ, психолог және педагог ғалымдардың интеллект табиғаты туралы сипаттамалары мен тұжырымдамаларына талдау жасалды. Оқушылардың интеллектуалды даму процестерінің теориялық негіздері зерделеніп, бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалды дамуына әсер ететін негізгі факторлар анықталды.

Түйін сөздер: интеллект, интеллектуалды даму, фактор, интеллект даму кезеңдері, ақыл-ой дамуы, танымдық белсенділік.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында қабылданған білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты - қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру [1].

Аталған бағдарламада қалалық және ауылдық мектептердің білім алушылар арасындағы білім сапасындағы алшақтық мәселесі де қарастырылды. Білім берудегі теңсіздік қазіргі әлемде рөлі артып келе жатқан қосымша және формальды емес білімге қол жеткізудегі теңсіздікпен күшейе түседі. Бүгінгі таңда жас адамның өмірінде оқытудың 70 %-ға жуығы формальды емес білім беру жағдайында: отбасында, құрдастар тобында, жастар ұйымдарында, үйірмелерде өтуде.

ЭЫДҰ-ның (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) 22 елінде және ЭЫДҰ-ға әріптес 14 елде сыныптан тыс ғылыми іс-шаралар көп өткізілетін мектеп оқушыларының осындай іс-шара аз өткізілетін мектептің оқушыларына қарағанда PISA-дағы жаратылыстану ғылыми сауаттылық деңгейі анағұрлым жоғары екенін көрсетті. ЭЫДҰ елдерінде орташа есеппен оқушылардың 56%-ы ғылыми жарыстарға қатысады, оқушылардың 48 %-ы сыныптан тыс ғылыми жобаларға барады [1].

Қосымша білім және сыныптан тыс ғылыми іс-шаралар білім алушының ғылыми сауаттылық деңгейін жоғарылауына тікелей әсер ететіні белгілі болып отыр. Сол себепті әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтардың негізінде жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сын тұрғысынан ойлауға үйрету - мемлекеттік даму саясатының маңызды бір бөлігі.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың негізгі мақсаты – болашақ мамандығына байланысты әрбір балаға тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық, т.б. жеке тұлғалық қасиеттерін меңгерту болып саналады.

Осы тұста таным-білімнің бастауы - бастауыш білім жүйесінен айналып өте алмаймыз. Бастауышта білім беру мазмұнын ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері – оқушылардың ақыл-ойын, дене күш-қуатын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке дайындауға негіз болатын білімдер мен іскерліктердің және дағдылардың көлемі мен бағытын айтамыз. Бастауыш саты – оқушыда оның интеллектісі дамуының іргетасы – оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалды деңгейін дамыту мәселесін көтеріп отырмыз. Елдің болашақ тұтқасын ұстайтын - біздің қазіргі мектеп қабырғасындағы білім алушылар. Егер елімізді болашақта өркениетті, дамыған ел ретінде көргіміз келсе, білім саласында көптеген жетістіктерге апаратын жол салуымыз және ғылымды шыңдауымыз қажет.

Әдістер мен материалдар

Интеллектуалды даму - кез келген адам әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Адам қарым-қатынасқа, оқуға және жұмысқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған әлемді қабылдауы және есте сақтау, ойлау әрекеттерінің әртүрлі компоненттеріне назар аударуы керек. Сондықтан іс-әрекеттің өзі интеллектуалды қабілеттердің дамуына тікелей ықпал етеді, олар табиғатта да адам әрекетінің ерекше түрі болып табылады.

Интеллект ұғымын ғылыми айналымға ХІХ ғасырдың соңында ағылшын ғалымы Фрэнсис Галтон енгізді. Ол Чарльз Дарвиннің эволюция туралы ғылыми еңбектерін негізге алды. Интеллект сипаттамаларын А. Бине, Ж.Пиаже, Ч.Спирмен, С.Колвин, Э.Торндайк, Дж.Петерсон және т.б. ғалымдар зерттеді. Олардың барлығы интеллектіні адамның шексіз мүмкіндіктерінің алаңы ретінде қарастырды. Әрбір жеке тұлға өзіндегі интеллектіні ұтымды пайдалануы қажет және ол өзіне, қоршаған ортаға пайдалы болуы тиіс.

Интеллект латын тілінде «intellectus» таным, ұғыну, аңдау деген мағына береді. Интеллект – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті, ал ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Сөздіктерде интеллект – адамның болмысты тануының негізгі нысаны, ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті деген анықтама берілген [2].

Психология ғылымында бұл терминге көптеген ғалымдар әр түрлі анықтама берген. Б.Г. Ананьев теориясы бойынша интеллект – танымдық процестердің интеграцияланған жүйесі, ол дегеніміз - когнитивтік үдерістердің психомоторика, есте сақтау, ойлау қабілеттерінің ықпалдасу дәрежесі және зияткерлікті дамыту критерийі [3].

Д. Векслер интеллектіні «жинақталған тәжірибе мен білімнің өмірлік жағдайлармен сәтті қабаттасу қабілеті» деп түсінеді. Яғни, ол ақыл-ойды «адамның қоршаған ортаға бейімделу қабілеті» ретінде қарастырады.

Психолог И.А. Домашенко «Интеллект - бұл адамның білім мен тәжірибені игеруге және қолдануға, сондай-ақ проблемалық жағдайларда ақылға қонымды мінез-құлыққа дайындығын анықтайтын жалпы танымдық қабілет» деген анықтама берді [4].

Е.П. Асаулюк «Пәнаралық интеграция бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалды даму құралы ретінде» атты зерттеу жұмысында «интеллект» және «өнімді ой» терминдерінің байланысына тоқталады. Зерттеулер барысында интеллект табиғаты «өнімді ойлаумен» байланысты қарастырылады, оның мәні - жаңа білім алу, оқуда және оқу қабілетінде анықталады. Білімнің жалпылау деңгейі, оларды қолдану кеңдігі, меңгеру жылдамдығы, оқудағы ілгерілеу қарқыны – бұлардың барлығы оқу көрсеткіштері болып табылады деп көрсетті [5].

Адамның жаңа білімді өз бетінше алуы және оларды стандартты емес жағдайларда қолдана алу мүмкіндігі жеке интеллектінің «өзегі» саналады. Осылайша оқытудың сипаттамалары оқытудың сәттілігі мен интеллектуалды дамудың өлшемі ретінде анықталды.

Д. Векслер интеллектіні шексіз қабілет деп есептеді, ақылға қонымды ой қорытып, өмірлік жағдайларда ұтымды шешім жасауға бағытталған адамның ерекше қабілеті деп анықтама берді [4].

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

И.А. Домашенконың пікірінше, интеллект - жалпы танымдық қабілет, ол адамның білім мен тәжірибені игеруге және қолдануға, әр түрлі проблемалық жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға дайын болуымен анықталады [4].

Сонымен, интеллект - бұл адамның ақыл-ой белсенділігін қамтамасыз ететін қасиеттер жиынтығы.

И.А. Домашенконың зерттеулеріне сәйкес интеллект төрт фактормен сипатталады:

- эрудициямен: ғылым мен өнер саласындағы білім жиынтығымен;
- ойлау операцияларына қабілеттілігі: талдау, синтездеу және абстракциялау;
- логикалық ойлау қабілеті, қоршаған әлемде себеп-салдарлық байланыс орната алу қабілеті;

Психология тарихында интеллект түсінігіне интеллектуалдылықтың бүкіл бағыттылығы сәйкестендіріледі. Оның көшбасшысы И. Ф. Герbart жатқызылады. Ол интеллектіні психиканың негізгі функциясы деп таниды. Интеллект болмысқа қатысты идеалды –заттық қатынастардың негізгі тәсілінде жүзеге асырылады және ойлаудың, іс-әрекеттің практикалық көптеген формаларын жасау мен түсіну мүмкіндіктерін анықтайтын ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы болып табылады.

Интеллектінің дара ерекшеліктеріне келетін болсақ, ол көбінесе психологиялық модельдер, сондай-ақ өзіне көрнекі болатын сол ауыспалықты қосады және оның өлшеу үшін сәйкес келетін құралдары болады. 1927 жылы ең алғашқы болып Ч.Спирмен оларды екі факторға бөлді. Ол әрбір интеллектуалды іс-әрекетте жалпы фактор “g” (general) және арнайы “s” (specific) фактор ретінде берілген іс-әрекеттің түріне тән мазмұндалады деп есептеді.

Ч. Спирмен интеллектуалды іс-әрекеттерді факторларға бөлгенімен, Р. Б.Кеттелл оларды түрлендіріп, тесттер жинағын және факторлық талдауды қолдана отырып, 5 дәлелді анықтама берді. Ғалым өз зерттеулерінің негізінде интеллектіге сипаттама бере отырып, ол тұқымқуалаушылық пен ортаға тәуелді деген тұжырым жасады [6].

Р.Б. Кеттелл ұсынған интеллект іс-әрекеттерінің сипаттамалары мына:

gc – «кристалданған» (таза) интеллект - сөздік қорын, әлеуметтік нормативті ескеру;

gf – «ағымдағы» - тесттер арқылы кескіндер мен сандар заңдылықтарын анықтау, оперативті ес көлемі, кеңістікті операциялар;

gy – «визуалдылық» - дивергентті тапсырмаларды орындауда бейнелерді манипуляциялау қабілеті;

gm – «ес» - мәліметтерді есте сақтау және қайта жаңғырту;

gg – «жылдамдық» - интеллектуалды әрекеттің жоғары жылдамдығы.

Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, адамның негізгі психикалық функциялары, оның ішінде интеллектуалды функциялар, сәби кезден бастап дамиды. Көптеген авторлар 8-12 жас аралығын баланың интеллектуалды дамуының маңызды кезеңдерінің бірі деп санайды.

Ғылыми теориялар бойынша алынған мәліметтерге сәйкес, баланың интеллектуалды дамуының үштен бірі - 6 жасқа қарай, 8 жаста - жартылай, ал 12 жасқа дейін дамудың төрттен үші жүзеге асырылады. Осыған байланысты 8-12 жас аралығы интеллектуалды дамудың қарқынды жасы деп есептеледі.

Сонымен, интеллектуалдық және ақыл-ой дамуының төмендегідей критерийлері бар:

- ойлау дербестігі;
- оқу материалын меңгеру жылдамдығы мен беріктігі;
- стандартты емес міндеттерді шешу кезіндегі бағдарлау жылдамдығы;
- аналитикалық-синтетикалық әрекеттің әртүрлі деңгейі;
- сыни ойлау.

Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалды дамуы дегенде біз олардың ақыл-ой әрекеті процесін және оның нәтижесін түсінеміз, сонымен қатар, логикалық ойлау әрекеттерінің қалыптасуы, өзін-өзі реттеу қабілеті, берілген ақпаратты дұрыс қабылдау және қолдану қабілеті деп те түсінеміз.

Бала мектепке алғаш келгенде оның оқу қабілеті мен дағдылары қалыптаса бастайды. Бастауыш мектептің мақсаты – баланы білім алуға үйрету болып табылады. Оқу іс-әрекеті барысында бастауыш сынып оқушылары білім, білік және дағдыларды игеріп қана қоймайды, сонымен қатар мақсат қояды, білімді игеру және қолдану тәсілдерін табуды, өз іс-әрекеттерін бақылауды және бағалауды үйренеді.

Бастауыш мектеп жасында баланың оқу мотивтері, танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтары қалыптасады, баланың интеллектуалды іс-әрекет ерекшеліктері мен дағдылары дами бастайды, балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттері ашылады; өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бағалау дағдылары да дамиды.

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

Ж. Пиаже зерттеулері интеллектінің дамуы психикалық дамудың негізі деген идеяға негізделген. Баланың интеллектуалды дамуы туралы оның тұжырымдамасындағы негізгі ережелердің ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- бала интеллектісінің дамуы ересектердің қатысуынсыз және көмегінсіз өзін қоршаған әлеммен байланыс орнатуы арқылы жүзеге асады;
- баланың интеллектуалды құрылымы оның жеке тұлғалық әрекетті орындауында емес, баланың нейрондық жүйесінде жатыр;
- ересек адамның баламен қарым-қатынасы оның психикалық дамуына ықпал етеді;
- белгілі бір білімнің болуы баланың ойлауының логикалық формаларының даму деңгейінің көрсеткіші болып табылмайды [7].

Бұл талдамаларды зерделей келе, интеллектінің даму кезеңдері баланың психикалық даму кезеңдеріне сәйкес келеді деп ой түюге болады.

Р.Дж. Стернберг адам интеллектісін ақпараттық процестер тұрғысынан қарастыруды ұсынды. Ол үшін Р.Дж.Стернберг үш компоненттен тұратын интеллект теориясын жасады [8]:

1. Күрделі интеллект - танымдық есептерді шешу және ақпаратты өңдеу дағдылары («кітап арқылы»);
2. Контекстік интеллект - адамның қоршаған ортаға және мәдени ортаға бейімделу қабілетін сипаттайды («көше ақыл-ойы»);
3. Эмпирикалық интеллект - бұл жаңа дағдыларды игеру және оларды автоматтыға айналдыру («өз қателігінен үйрену»).

Осылайша «интеллектуалдық қабілеттер» ұғымын қандай да бір іс-әрекет орындау үшін қажетті қабілеттер ретінде анықтауға болады.

Н.Н. Моисеев адам интеллектісінің негізгі қасиеттерін анықтады, олар адамды жануарлар әлемінен бөліп тұрған ерекшеліктер деп санады [9]:

- ақыл-ойдың икемділігі, өзінде бар тәжірибені қолдана отырып, жаңа байланыстарды орнату;
- ақыл-ойдың кеңдігі, басты нәрсені маңыздылығы аз нәрседен және ең қажеттіні кездейсоқтан ажырата алу;
- ойдың дәлдігі фактілер мен заңдылықтарды қолдана отырып, тұжырымдамалар мен пайымдауларды дәлелдеу;
- сыни тұрғыдан ойлау, дұрыс емес шешімді қабылдамауға және берілген тапсырмаға қарсы келетін әрекеттерден бас тартуға сыни көзқараспен қарау;
- қызығушылық адамның белсенді танымдық іс-әрекетінің негізі болып табылады, бір нәрсені жан-жақты білуге деген ұмтылысты білдіреді;
- ойлаудың қисындылығы, зерттелетін нысанның барлық маңызды аспектілерін ескере отырып, дәйекті ойлау жүйесін қатаң сақтау;
- ойлаудың кеңдігі, нысанды толығымен зерттеу, тапсырмадағы бастапқы деректерді жіберіп алмай, сонымен қатар мәселенің бірнеше шешімдерін қарастыру.

Организмнің басқа да қызметтері сияқты, интеллектінің дамуы, бір жағынан, генетикалық және басқа да туа біткен факторларға, ал екінші жағынан қоршаған ортаға байланысты.

Егер генетикалық факторлар туралы айтатын болсақ, онда баланың ата-анасынан берілетін тұқым қуалаушылықты айтамыз. Бұл мәселе психологиялық-педагогикалық зерттеулерде аз қарастырылған, бірақ қазіргі уақытта баланың интеллектуалды даму бағыты генетикалық факторларға байланысты екенін сенімді түрде айта аламыз.

Баланың интеллектуалды дамуына жүктілік кезіндегі анасының аурулары, сонымен қатар алкогольді және есірткі заттарын қолдану факторлары үлкен әсер етеді.

Тұлғаның интеллектуалды дамуына генетикалық факторлардан басқа келесі бейімделу факторлары да әсер етеді:

- отбасының әлеуметтік мәртебесі, ол қоғамдағы экономикалық және мәдени теңсіздігімен, әр түрлі әлеуметтік және этникалық топтармен байланысты;
- ересектер тарапынан баланың интеллектуалды белсенділігін психикалық ынталандыру;
- баланың тамақтану ерекшеліктері, оның толық дамуы үшін жеткіліктілігі немесе жеткіліксіздігі.

Ғалымдар Н.А. Менчинская, Н.Ф. Талызина өз еңбектерінде жалпы білім беретін интеллектуалдық дағдылар теориялық іс-әрекеттерге дайындық ретінде анықталады, олар тез, дәл және саналы түрде игерілген білім мен өмірлік тәжірибеге сүйене отырып, жүзеге асырылады деп көрсеткен [10].

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

Оқу барысында бастауыш сынып оқушыларының барлық таным үдерістері қалыптаса бастайды. Оқушылар біртіндеп өздерінің психикалық процестерін игере бастайды және қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін басқаруды үйренеді.

Интеллектуалды белсенділік - бұл баланың өзіне «Мен кеше кім болдым?» және «Мен қазір кімін?» деген сұрақтарға жауап беруді қажет ететін әрекет. Оқушы біртіндеп өзіне сырттай сын көзбен қарай бастайды, осылайша өзіне баға беруді үйренеді.

Жалпы білім беру белсенділігінің негізін жалпы білімдік және пәндік интеллектуалдық даму, оның қалыптасу деңгейі құрайды. Бұл - әртүрлі оқу пәндерін игеру үдерісіне байланысты ақыл-ой жоспарының әрекеттері. Пәндік дағдылардан басқа олар кең спектрлі іс-әрекетке ие, сондықтан жалпы білім беретін интеллектуалды дағдылар «метабілімге», яғни әртүрлі білімді игеруде әртүрлі салаларда қолданылатын дағдыларға жатады.

Танымдық белсенділік барысында оқушының логикалық ойлауы дами бастайды. Сонымен, оқушылардың танымдық белсенділігінің көрсеткіштері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1. Білімді өз бетінше алуы және оны түрлі жағдайда қолдана білуі.
2. Іргелі білімдерге қол жеткізу.
3. Танымдық тапсырмаларды шешу біліктері.
4. Өз бетінше оқу әрекетіне қызығушылығы, әрекет тәсілдерін білуі.
5. Тұтас педагогикалық үдерісте мұғалімнің оқуы мен мақсатты өзара әрекеті.
6. Әрекетке бейімделуі мен өзін-өзі бақылау.

Бастауыш сынып – оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі. Бастауыш сыныпта балалардың ойлауы нақты-бейнеліден абстрактылы-логикалық ойлауға қарай дамиды. Мектептің алғашқы сатысының міндеті – бала интеллектісін себеп-салдарлы байланыстарды түсіну деңгейіне дейін дамыту.

Ойлау әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше айқын әрекеттерді орындайды. Бұл нақты әрекеттер талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру, нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады.

Талдау – бұл оймен бүтінді жіктеу немесе бүтіннен оның қырларын, әрекет немесе қатынас бірліктерін бөліп алу, қарапайым формадағы талдау әртүрлі затты практикалық қажеттілікке орай құрама бөлшектерге ажырату.

Талдау тәжірибелік және теориялық болып бөлінеді. Егер талдау жоғарыда айтылған ой операцияларына ұштаспаса, онда қате, механикалық сипат алады. Мұндай талдау элементтері жас балаларда көптеп кездеседі. Біріктіру – бұл әрқилы бөлшектер, қасиеттер мен әрекет қимылдарды тұтас бірлікке топтастыру. Біріктіру операциясы - талдау әдістеріне қарама-қарсы. Бұл әрекет барысында жеке заттар мен құбылыстар күрделі, бүтін құбылысқа қатысы бар бөлшек, элементтер тобы ретінде қарастырылады.

Ойлау процесіндегі талдау мен біріктіру әрекеттері оқу жұмысында аса үлкен маңызға ие. Бала жекелеп талдау мен әріптерді тануға қол жеткізеді, ал кейін сол игерген әріптердің басын біріктіріп, буын құрайды, буыннан - сөз, сөзден-сөйлем, сөйлемдерді біріктіріп, мәтін мазмұнын шығарады. Салыстыру - әртүрлі заттар мен құбылыстардың, не ойлардың бөліктері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды білуге бағытталған ойлау әрекеті [11].

Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтау қабілеті екі бағытта дамиды – ерікті және мағыналы. Балалар өздерінің қызығушылығын тудырған түрлі көрнекі құралдармен және ойын түрінде ұсынылған оқу материалдарын еріксіз есте сақтайды. Осылайша олар өзіне қызықты емес оқу материалын да ерікті түрде есте сақтай алатын болады. Келесі сыныптарда оқыту барысы көп мөлшерде ерікті түрде есте сақтауға бағытталған жұмыстар жүргізу жоспарланады.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың зейіні дами бастайды. Олар қызықсыз әрекеттерге назар аударма алады, бірақ бұл еріксіз назар аудару болып саналады. Оларға күрделі материалға назар аудару, оқиғалар мен құбылыстарды түсіну және өз іс-әрекетіне бақылау жасау қиындық тудырады. Бастауыш сынып оқушыларының зейіні аз мөлшерде және тұрақсыз болады.

Бастауыш сынып оқушылары үшін қиял үлкен мәнге ие. Сондықтан сабақтарда балалардың тақырыптық идеялар жүйесін жинақтау мұғалімнің үлкен әрі маңызды жұмысына айналмақ. Баланың ақыл-ой әрекетін дамыта отырып, оның қиялын да басқаруға мүмкіндік туады және бұның барлығы оқу мазмұны үдерісінде орындалады.

Осылайша, интеллектуалдық қабілеттер адамның ақыл-ой қызметінің табысты көрсеткішін сипаттайтын адамның маңызды қабілеттерінің бірі ретінде сипатталады. Негізгі білім беру

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

бағдарламасын сәтті игеру, кәсіби әрекетте сәтті әлеуметтенуді іске асыру үшін жеке тұлғаны оқыту бейімділікті дамытуға, оларды қабілеттерге айналдыруға бағытталуы керек.

Нәтижелер және талқылау

Бастауыш мектеп жасында интеллектуалды даму процесі ең қарқынды жүзеге асырылады. Бұл барлық психикалық процестердің дамуы осы жас кезеңінде жүретіндігіне байланысты. Сонымен қатар, дәл осы жас кезеңінде бала оқу әрекетінің басталуымен болатын барлық өзгерістерді түсіне бастайды.

Мектепте баланың интеллектуалды даму процесі жүзеге асырылатыны айқын. Мектепке бару - әр баланың өміріндегі маңызды кезең. Балада 5-7 жас аралығында танымдық, сөйлеу және перцептивті моториканың дағдылары жетіледі, бұл оқу үдерісін жеңілдетуге және оның тиімділігін арттыруға айтарлықтай ықпал етеді.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардағы интеллектінің дамуы екі түрлі бағытта жүреді. Бірі - ойлаудың құралы ретінде тілді игеру және қолдану, екіншісі - визуалды-бейнелі және ауызша-логикалық ойлауды өзара байланыстыру.

Интеллектуалды ортада баланың дамуы екі кезеңде жүзеге асырылады: олар - дайындық кезеңі және орындау кезеңі. Дайындық кезеңінде берілген тапсырма талданады және сол бойынша жоспар құрылады. Орындау кезеңінде талқыланған жоспар жүзеге асырылады. Әрі қарай алынған нәтиже мен тапсырма талабы сәйкестендіріледі және оны талдау және талқылау жұмысы қосылады [12].

Бірінші кезең балалардың сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған. Осы мақсатта әр түрлі тапсырмалар орындау барысында баланың өз ойын сөйлеу әрекеті арқылы жеткізу орындалады.

Егер екінші бағыт туралы айтатын болсақ, онда ойлаудың сан алуан түрлерін біріктіруге практикалық әрекеттерді қолдану, суреттермен жұмыс жасау, ұғымдарды қолдану және ойлаудың логикалық тізбегін жүргізу қажет болатын міндеттер ықпал етеді. Айта кету керек, егер осы аспектілердің біреуі орындалып, екіншісі орындалмаған жағдайда бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды даму үдерісі бір жақты дамиды болады.

Дайындық кезеңі баланың интеллектуалды дамуында маңызды кезең болып саналады. Дегенмен, тапсырма дұрыс талқыланбаса, жақсы нәтиже бермейді. Алайда арнайы қосымша тапсырмаларды беру арқылы алынған нәтижені оң бағытта өзгертуге болады.

Р.С. Немов жоғарыда айтылғандарды толықтыра келе, бірінші сынып оқушылары өздеріне ұсынылған тапсырманы түсініп, қабылдай алатындығын айтады, бірақ олар оны көрсетілген үлгіге сүйене отырып, орындайды. Ал үшінші сынып оқушылары үлгіні қажет етпестен, тапсырма талаптарын толық қабылдап, сол бойынша жоспар жасап, өз еркімен талдау жасай алады [6].

Бастауыш мектеп жасында баланың зейіні ырықты болады. Бастауыш мектепте оқу кезеңінде балада ырықсыз зейін де, ырықты зейін де қатар жүреді. Алайда, төртінші сыныптың соңында оқушының ырықты зейінінің көлемі, тұрақтылығы және шоғырлануы ересек адаммен бірдей болады. Ал төменгі сынып оқушысының зейін аудару шапшаңдығы, ересек адамға қарағанда, жылдам болады. Бұл факт орталық жүйке жүйесінде жүретін процестердің икемділігіне байланысты.

А.Л. Смирнов мектеп жасындағы балалардың есте сақтау қабілетінің дамуы өзіндік сипатқа ие екенін көрсетті [13]:

- 6 жастан 14 жасқа дейінгі балаларда ақпарат бірліктерін механикалық есте сақтаудың логикалық байланысы белсенді дамиды;

- жасы ұлғайған сайын оқушының мағынасы толық ақпаратты қабылдауы төмендейді.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға жақсы механикалық есте сақтау тән, ал бастауыш мектепте оқу кезеңінде ол өте тез дамиды. Ал егер есте сақтаудың басқа түрлері туралы айтатын болсақ, яғни жанама және логикалық есте сақтаудың даму деңгейі сәл артта қалады. Мұны былайша түсіндіруге болады: статистикаға сәйкес мектеп оқушысының негізгі және белсенді іс-әрекеті оқу, ойын және қарым-қатынас екендігіне байланысты оқушыда механикалық есте сақтау қажеттілігі жоғары болады.

Бастауыш сынып оқушысы оқу кезеңінде ақыл-ой дамуында айтарлықтай көп жетістікке қол жеткізеді. Осылайша, оқушы визуалды-бейнелі ойлаудың басымдығынан арылып, нақты ұғымдар деңгейінде ауызша-логикалық ойлауға жетеді. Демек, кіші мектеп жасындағы балалар есте сақтау мен интеллектуалды дамудың ерекше кезеңінде тұр, бұл кейіннен олардың дарындылығын бағалауға мүмкіндік беретіндігі анықталды.

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

Бастауыш сыныптарда оқу үдерісінің басым бөлігі ойын арқылы өтіледі. Оқушылар үшін оқу үдерісінде ойын әрекеті үлкен қызығушылық тудырады. Ол топ ішінде басқа оқушылармен бәсекеге түсе отырып, өзінің қабілеттерін тексеруге және дамытуға мүмкіндік береді.

Ойынның табиғаты мен мәні туралы мәселе көптеген зерттеушілерге: П.Я. Галперин, В.Л. Данилова, А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин және т.б. ой салды.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары үшін ойын әрекетінің жылдан жылға маңыздылығы арта түсуде. Бұл балалармен ойынды ұйымдастыру мен жүргізу теориясын жетілдіруді қажет етеді. Осы жөнінде А.С. Макаренко былай деп жазды: «Бала тәрбиелеуде ең маңызды жолдардың бірі - ойын деп санаймын. Балалардың ұжымдық жұмыстарында маңыздылығы және жауапкершілігі жоғары ойын түрлері қамтылуы тиіс. Ал, мұғалімдердің «ойнай білулері керек» [14].

Ойынның мәні - ол нәтиже емес, сол ойынның жүру үдерісі. Бала ойын барысында өзінің шынайы ойынын және сезімін көрсетеді.

Біз ойын - шындықты білу әдісі деп айта аламыз. Балалардың дамуын зерттеу барысында басқа жұмыстарға қарағанда, ойын үрдісінде баланың психикалық өзгерісін байқау тиімді нәтиже береді. Ойын - бастауыш сынып оқушысы үшін жетекші іс-әрекет ретінде бекітілген.

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, ойын жаңа, прогрессивті білім беруді дамытады және баланы оқуға ынталандырудың негізі болып табылатын күшті танымдық мотив [14].

Л.С. Выготский баланың психикалық дамуындағы ойынның рөлін қарастыра отырып, бала мектепке барғанда, ойын бала өмірінде жоғалып кетпейді, керісінше ол баланың оқу үрдісіндегі негізгі іс-әрекетіне айналады. «Мектеп жасында ойын жоғалып кетпейді, ол шынайы байланысқа айналады. Ол мектепте оқу үдерісінде ішкі әрекетте жалғасын табады» - деді [14].

Ойынның бірнеше түрі бар және оның әрқайсысының баланың дамуында өз орны бар. Мектепте оқу барысындағы ойын мен баланың сабақтан тыс ойын әрекеттерінің арасында ешқандай өзгеріс жоқ екенін қазір теория мен тәжірибе дәлелдеп отыр.

Дидактикалық ойындар - бұл балаларды педагогикалық мақсатта оқыту және тәрбиелеу мақсатын көздейтін, арнайы ережелері бар ойындардың бір түрі. Дидактикалық ойындар балаларды оқытуда нақты мәселелерді шешуге бағытталған, сонымен бірге оларда ойын іс-әрекетінің тәрбиелік және дамытушылық бағыты да ескерілген.

Ж. Пиаженің зерттеулерінде интеллектінің дамуы үздіксіз процесс ретінде қарастырылды. Ж. Пиаже үшін ең басты объект - ойлау. Ойлауды ол ішкі әрекеттер жүйесі – ой операциялары ретінде түсіндірді. Автор өз тұжырымдарына негіз етіп маңызды функциялық психологияның «биологиялық адаптация» және «психологиялық құрылымның ішкі тепе-теңдігі» деген ұғымдарды алды. Ж. Пиаже ойлау әрекетінің табиғатын түсінуге интериоризация туралы түсінікті негіз етіп алады. Ол сыртқы заттық әрекеттер ақылға өтеді, онда олар сыртқы әрекеттерге ұқсас сызбамен орындалады. Оның пікірінше, ойлау - ішкі әрекеттердің жай ғана жиынтығы емес, өзара үйлестірілген операциялардың біртұтас жүйесі. Тұлғаның қоршаған ортамен жасаған іс-әрекет операциялары қалыптасу барысында интеллектуалды мінез-құлық жинақтай бастайды. Осылайша Ж. Пиаже интеллектуалды дамудың бес негізгі стадиясын ұсынды [15].

Кесте-1. Ж. Пиаже ұсынған интеллектуалды дамудың негізгі сатылары.

№	Интеллектуалды даму кезеңі	Сипаттамасы
1	Интеллектінің сенсомоторлық кезеңі (8-10 айдан -1,5 жасқа дейін)	Бала сенсомоторлық сызбаны пайдалану арқылы (түрту, лақтыру, ұру т.б.) жаңа объектіні тануға тырысады. Сенсомоторлы интеллектінің белгілері (қабылдау мен дағдыдан басқасы) объектіге бағытталған түрлі іс-әрекет және естегі неғұрлым тездетілген іздерге сүйенеді. Бұған мәселен, бет орамал астындағы ойыншықты алуға ұмтылған 10-12 айлық баланың іс-әрекетін айтуға болады.
2	Бейнелік интеллект (1,5-2 жастан 4 жасқа дейін)	Бұл кезеңдегі басты көңіл аударарлық нәрсе - баланың ана тілін ауызша меңгеруі және қарапайым бейнелік іс-әрекетке көшуі. Мәселен, баланың өтірік ұйықтап қалуы немесе оның өз ойыншықтарын ұйықтатуы. Бұл кезеңде

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

		қандай да болмасын тікелей әсерлердің беталды үйлесуіне негізделген бейне-таңбалы сызбалардың қалыптасуы жүреді.
3	Интеллектуалды байқау кезеңі (4-тен 7-8 жасқа дейін)	Бұл кезеңде бала көру арқылы айналаны байқайды. Егер бірдей мөлшердегі моншақтарды әртүрлі сыйымдылықтағы ыдыстарға салсақ, олар: «Мұнда көп, себебі ол биік ыдыс» немесе «онда аз, себебі ол төмен», - деп жауап береді және мұндайда баланы олардың саны тең деп сендіру мүмкін емес.
4	Нақты операциялар кезеңі (7-8 жастан 11-12 жасқа дейін)	Егер ыдыстармен жасалған экспериментке қайта келетін болсақ, онда 7 жастан соң «қайта салынған моншақтардың санының тең екендігіне» сенімді бола алады. Сандарының, салмақтарының, аудандарының және т.б. өзгермегендігін түсінуі (бұл құбылыс Пиаже теориясында «сақтау қағидасы» деген атқа ие болған) зат күйі жөніндегі пікірлердің үйлесімділігі: «ыдыс түбі жіңішке, сондықтан моншақтар жоғарылау орналасқан, бірақ олар алдында қанша болса, қазір де сонша» және оның қайтарымдылығы көрсеткіш ретінде қарастырылады. Осылайша нақты заттың жағдай процестерін түсіну негізіндегі белгілі бір тәртіптің сызбасы пайда болады.
5	Ресми операциялар кезеңі немесе рефлекстік интеллект (11-12-ден 14-15 жасқа дейін)	Бұл жаста белгілі бір шындықтың қажеттілігінсіз ресми алғышарттар негізінде гипотетикалық-дедуктивті талқылау жасауға мүмкіндік беретін ресми (санаттық логикалық) сызбалар қалыптасады. Мұндай сызбалардың бояуының сандарды үйлестіруге қабілеттілігі (оның бойында пікірлердің шын немесе жалған екендігін тексеру мақсатында оларды үйлестіру), зерттемелік танымдық позициясы, сондай-ақ өзінің ойы сияқты өзгенің ойын да ойша тексеру мүмкіндігі болып табылады.

Осылайша, бастауыш сынып жасы - баланың интеллектуалды дамуының ең ұтымды кезеңі деген қорытындыға келдік. Бұл жаста оқушылардың:

- оқуға деген ынтасы мен танымдық қызығушылықтары қалыптасады;
- интеллектуалды іс-әрекет қабілеті мен дағдылары қалыптаса бастайды;
- балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттері ашылады;
- балаларда адамгершілік, әлеуметтік нормаларды игеру үдерісі басталады;
- құрдастарымен қарым-қатынас дағдылары қалыптасады [5].

Бастауыш сынып жасында оқушыда есте сақтау, қабылдау, зейін, ойлау, қиял тәрізді психологиялық дамулары еріксіз түрде қалыптасып, дами бастайды.

Қорытынды

Философтардың басым бөлігі интеллектіні жан қуаты деп сипаттап, ол адам бойында болатын тұқымқуалаушылық қасиет деп тұжырымдады. Ал психология ғылымында интеллект термині психологиялық таным процестерімен: зейін, ойлау, ес, қабілет, түйсік, қиялмен өте тығыз байланысты. Интеллект табиғатын түсіндіруде көптеген зерттеулер түрліше сипаттауға тырысты. Себебі, интеллект өте күрделі құрылым болып табылады.

Сократ өз сөздерінде адам мәселесіне жан-жақты тоқтала келіп: «Шындығына келетін болсақ, мені даналықты іздеуден басқа ештеңе басқара алмайды. Ал осы даналық дегеніміз не? Нақты мағынасында адамзаттың даналығы (яғни адамның адамға қатысты ие болатын білімі) осы білімділікке қатысты, мүмкін мен дана шығармын», - деп өз ойын даналықпен ұштастыра түседі [16].

Раздел 3. «Естественные и гуманитарные науки»

